

**«Талғайран негізгі мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесі
ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ
ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ
МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ №8 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 13.04.2026ж.

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры – Ж.М.Изтелеуова
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Қ.Алтынбекұлы
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Ж.Ж.Ахметова
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Б.Испусинова
5. Медбике : Қ.Нәбішева
6. Ата-ана- А.Жалмуханова
7. Әлеуметтік педагог: Г.Агманова

Барлығы: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау.

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары –Қ.Алтынбекұлы Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау.

Мектеп асханасының жұмысын тексеру барысында ыстық тамақтың сапасы белгіленген нормаға сәйкес орындалып жатқанын анықтадық. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан, толық емес отбасындағы, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылған. Жалпы қамтылған оқушылар саны – 156 оқушы. Бұл оқушылар күнделікті белгіленген уақытта тамақтанып жүр.

Комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексеріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнын басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар. Тамақ жасауға пайдаланатын заттарды алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді.

Мектеп асханасын зерделеу мақсатында аудандық комиссия мүшелерінің қорытындысына сәйкес мектеп асханасының сапалық құрамы, рецикулятордың болмауына және диспансердегі суды ауыстыруға байланысты байланысты ескертулер жасалды. Мектеп асханасының арендаторы А.Мамбетовқа олқылықтардың орнын толтыруға байланысты жұмыс жүргізуге ұсыныстар айтылды.

Мектеп асханасында ата-аналар, ұстаздар, оқушылардың шағымы мен ұсыныстары үшін арыз-шағым дәптері қойылған. Дегенмен, ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Ата-анамен сынып жетекшілер арқылы байланысып, ата-аналардың мектеп асханасындағы ыстық тамақ туралы кері байланыс алып отырмыз. Әзірге, баға-қанағаттанарлық.

2. – Г.Агманова Әлеуметтік педагог. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы Сәуір айында оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту үшін ата-аналардан өтініш жиналды. Ол үшін мектеп сайтында, әлеуметтік желілерде хабарландырулар берілді.

Сәуір айында мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Сәуір айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 138-ді құрады. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 127 болса, 5-9-сынып оқушыларының саны 11-ді құрайды.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған.

Асханаға бару уақыты 2 мезгілге ұйымдастырылды.

1-сынып оқушылар үшін – 9.25-9.25

1 сынып оқушылар үшін- 10.15-10.15

4 сынып оқушылар үшін- 10.15-10.15

5-9- сынып оқушылары үшін – 11.00-11.00

Пауысым

2- сынып оқушылары үшін -14.55-14.55

3- сынып оқушылары үшін -16.30-16.30

2-сынып оқушылары үшін- 15.45-15.45

3-сынып оқушылары үшін- 15.45-15.45

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі.

Мектеп директоры :

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары :

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары :


Қамқоршылық кеңес мүшесі :


Әлеуметтік педагог:


Ата-ана:


Медбике:


 Ж.Изтелеуова


 Қ.Алтынбекұлы

 Ж Ахметова

 Б.Ипусинова

 Г.Агманова

 А Жалмуханова

 Қ.Нәбішева

Хатшы:



Агманова Г.М